

**Н.О. Аккожина, Қ.Ф. Даркенов, Ұ.М. Оракбаева**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.  
(E-mail: akkojina@inbox.ru)*

## **Қазақстан Республикасының аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі интеграциялық бастамаларының ерекшеліктері**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Орталық Азия аймағындағы жаңа геосаяси қауіп-қатер жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық аспектілері талқыланып, Қазақстан Республикасының Орталық Азиядағы қауіпсіздік стратегиясына талдау жасалды. Мақалада сыртқы ойыншылардың көп бағытты саясаты және ынтымақтастық элементтері зерттеледі. Қазіргі уақыттағы қауіпсіздікке қауіп төндіретін мәселелердің бірі, Талибанның билікті басып алуына байланысты Ауғанстандағы қазіргі жағдайдың Орталық Азияның аймақтық және саяси ортасына әсері талқыланады. Орталық Азияның аймақтық саяси ерекшеліктерін түсіну арқылы, ең алдымен, аймақ мемлекеттері ұжымдық ынтымақтастық тетіктерін құру арқылы аймақтың тұрақтылығын сақтау үшін сындарлы іс-әрекеттерді қабылдаудың ерекше қажеттілігі туындайды. Іс жүзінде өзара ынтымақтастықты тереңдету, өздерінің ұлттық мүдделерін неғұрлым тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында бар даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін ымыраға келу шешімдер бұл аймақта аса маңызды рөлді атқарады.

**Түйін сөздер:** аймақтық қауіпсіздік, мәселе, Ауғанстан, халықаралық ұйымдар, Орталық Азия, терроризм, ынтымақтастық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-129-137>

Түсті: 22.02.2023/ Жариялауға қабылданды: 14.05.2023

### **Кіріспе**

Бүкіләлемдік тұрақтылықты сақтау мен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлі күнге дейін қазіргі заманғы халықаралық қатынастағы маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының негізін қауіпсіздік ұғымына байланысты және БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюцияларының басым бөлігі халықаралық қауіпсіздік мәселеріне арналған. Яғни, әлемдік қауымдастықтың негізгі мақсаты мемлекеттер арасындағы тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті орнату болып табылады [1].

Халықаралық бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ Жарғысы жалпы қауіпсіздіктен басқа аймақтық

жүйені құруды қарастырады. Яғни қауіпсіздікті қамтамасыз ету үш жүйеге бөлінген:

1. Әмбебап халықаралық қауіпсіздік жүйесі. 1945 жылы БҰҰ Жарғысында қазіргі уақытта және келешекте әскери қақтығыстарды болдыртпау туралы тұжырымдама бекітілген. Бұл Жарғы мынадай қағидаларға сүйенеді: дауларды бейбіт жолмен шешу, күштеу және мәжбүрлеуді қолданбау, қарусыздану. Сонымен қатар, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі агрессия немесе мемлекетке қауіп туындаған жағдайда БҰҰ-ның мүше мемлекеттерімен бірлесе отырып, бейбіт жолмен шешу болып табылады.

2. Аймақтық қауіпсіздік жүйесі. БҰҰ Жарғысының VIII бөліміне сәйкес, бұл жүйеге мынадай талаптар қойылады:

– бір саяси географиялық аймаққа кіретін мемлекеттер қатыса алады;

– аймақтық келісімге сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы әрекетті сол аймақтан тыс шығаруға болмайды;

– осындай әрекет түрлері БҰҰ Жарғысының қағидалары мен мақсатына қайшы келмеуі тиіс.

3. Әр мемлекеттің өзіне тән қауіпсіздік жүйесі бар. Бұл да халықаралық құқық қағидаларына сәйкес болуы керек [2].

Кеңес Одағының ыдырауы жаңа мемлекеттердің пайда болып және жаңа геосаяси кеңістіктің пайда болуына әкелді. Соның бірі Қазақстан Республикасы орналасқан аймақ - Орталық Азия аймағы болып табылады. Орталық Азия ресми түрде 1993 жылы 4 қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан Республикалары Президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері бас қосуында бекітілді. Орталық Азия аймағы – қауіпсіздік тұрғысынан алғанда дүниежүзінің күрделі аймақтарының бірі болып табылады. Иранның ядролық бағдарламасына байланысты келіспеушіліктер, Ауғанстандағы белгісіздік кезеңінің әлі аяқталмауы, Кавказдағы шиеленістің аймаққа жағымсыз ықпал ету қаупі, радикалды исламизм пен діни экстремизмнің көрініс беруі, Каспий теңізі мәртебесінің әлі күнге дейін айқындалмауы, тіпті, Шығыс Түркістан мәселесі, Орталық Азия елдер арасындағы су және жер ресурстарына қатысты келіспеушіліктердің болуы сияқты шешімі табылмаған мәселелер аталмыш географияның қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді [3].

Аталған геосаяси мәселелерден басқа, қазіргі уақытта аймақ ішінде де бірқатар мәселелер бар. Мысалы, Орталық Азия аумағы ауданында үнемі су тапшылығы мәселесі бар. Зерттеушілердің пікірінше, су тапшылығы мемлекеттер арасында дау-жанжал тудырушы факторларының бірі болып саналады. Яғни, мемлекеттер арасында суды пайдалануға байланысты мәселелер туындап, мемлекетаралық

қатынас шиеленісіп кететін жағдайлар бар. Осыған орай, Орталық Азия аймағына, әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайын болдырмау мақсатында ғылыми, технологиялық, экономикалық, потенциалды арттыратын әр мемлекет өзінің тұрақты дамытатын бағдарламасын құрып, жыл өткен сайын жетілдіріп отыруы туралы пікірлер туындайды.

Сонымен қатар, ұлтаралық жанжалдар этникалық азшылыққа байланысты шиеленісіп, одан әрі асқынып кетуі мүмкіндігін де теріске шығаруға болмайды. Яғни, бұл мәселе барлық Орталық Азия мемлекеттеріне тән, себебі, өз дәстүрлері мен тілін сақтап қалғысы келетін этникалық азшылық барлық мемлекет территорияларында өмір сүруде. Этникалық қарым-қатынасты реттеудің әр түрлі жолдары бар. Бұл арадағы басты мақсат, этникалық азшылыққа сол мемлекеттің тең құқылы азаматы болуға мүмкіндігін беру, өз дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын сақтап қалуға жағдай жасау, саяси билікке жол ашу. Сонымен қатар, дін және діни теңдестіру (идентификация) мәселесіне тоқталар болсақ, Орталық Азия мемлекеттерінде түрлі діни өкілдері орналасқан. Исламнан басқа иудаизм, христианство, буддизм және православие діңдері бар. Исламның мәдени және ғылыми орталықтары, Кеңес Үкіметінің исламды жою әрекетіне қарамастан сақталып қалған. Соңғы уақыттарда мұсылман діні ғана емес, басқа да дің түрлері қарқынды түрде дамыды. Осыған байланысты Орталық Азиядағы діңнің өзге көрінісі – діни экстремизм әрекетінің күшеюіне әкелді. Орталық Азиядағы исламның тез дамуы, кейбір мемлекеттерде араңдатушылықпен айналысатын діни экстермисттерге осы аймаққа терең сініп кетуіне қолайлы жағдай туғызды. Бұдан басқа, жоғарыда атап өткен мәселелердің бірі – халық санының өсуі болып табылады. Бұл жағдай аймақты кедейлікке әкеп соқтырудың бірден бір жолы болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы тайталастыққа да әкеп соғады. Осыған байланысты, Орталық Азия аймағында азық-түлік және тағам қауіпсіздігі де маңызды орынға ие. Осыған

орай, әр мемлекеттің ұлттық жоспарында демографиялық сұрақтар, білім, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, қоғамға әйелдерді араластыру, көші-қон сұрақтары аса маңызды болып, қамтуды талап етеді [4].

Аймақтағы маңызды мәселелердің бірі, Ауғанстанмен көршілес орналасуына байланысты Орталық Азия мемлекеттері қазіргі таңда басты есірткі транзиттері өтетін аймаққа айналды. Есірткі мәселесі аймақ мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына ықпал ете отырып, аймақтың дамуына кері әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда есірткінің заңсыз айналымы Орталық Азия мемлекеттері үшін аймақтық қауіпсіздікпен қоса, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде қарастырылады. Әлемдік заңсыз есірткі саудасының дамуы, аймақтағы есірткі тасымалының тарихи алғышарттары, өткен ғасыр соңындағы жаһандық геополитикалық өзгерістер және Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай аймақта есірткі тасымалының ушығуына айтарлықтай әсер етуде. Есірткінің заңсыз саудасының қазіргі таңдағы жағдайы тек Ауғанстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін төнген қауіптің бірі болып саналады [5].

Тәліптердің билікке келуі геосаясат мәселелерін жаңартты. Бұл мәселе Ауғанстанның даму жолдарын және жалпы аймақтағы қауіпсіздік бойынша сұрақтарды өзектілігін арттырды. Сондай-ақ, американдық қарулы күштердің кетуі бүгінде жаңа тарихи және саяси кезеңде жаңа сұрақтарды тудырды [6].

### **Зерттеудің мақсаты**

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесіне жан-жақты талдау жасау, Орталық Азиядағы мәселелерді реттеуге байланысты Қазақстан Республикасының ұстанымы мен атқарған шараларының мәнін ашу. Сонымен қатар, ұлттық қызығушылық, қауіпсіздікке төнген қауіп-қатер, ұжымдық қауіпсіздік және т.б. санаттарды талдау болып табылады. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған серіктестік қатынастарды және ұйымдардың арасындағы бейбіт қатынастардың негізін регламенттейтін

және осыған байланысты ұйымдардың негізгі құжаттарына контент-талдау жасау болып табылады.

### **Зерттеу жұмысының әдістемесі**

Қойылған міндеттерді шешу барысында және алға қойылған мақсаттарға жету үшін қазіргі заманғы таным тәсілдері, тарихи-хронологиялық тәсіл, салыстырмалы-бағалау, жүйелілік, талдау және басқа зерттеу тәсілдері қолданылды. Қойылған міндеттерді шешу барысында Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері қолданылды.

### **Талқылау**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтарындағы Мемлекеттік шекарасы туралы заңының 4 бабында, шекара саясаты халықаралық ынтымақтастық, шекаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешу қағидаларымен айқындалған [7].

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын, соның ішінде қауіпсіздік саласын бірнеше кезеңдер мен деңгейлерге бөліп қарастыруға болады. Яғни, бірінші деңгей, Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі болса, екінші деңгей — аймақтық қауіпсіздікті сақтап қалуға бағытталған іс шаралары болып табылады. Қазақстан Республикасының аймақтық қауіпсіздік жүйесін мынадай кезеңдерге бөлінеді: ТМД шеңберінде атқарған істері, Еуропалық бағыт және Азиялық бағыт бойынша ауқымды шаралар атқарылған.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаларын толық қолдайды. Осыған орай, Қазақстан Республикасының БҰҰ БА 66 сессиясындағы халықаралық сұрақтар бойынша ұстанымында айтылған, Қазақстан ядролық қарусыздану және таратпау идеясын қатал ұстанады.

Халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі аса маңызды қадамдардың бірі 2009 жылы наурыз айында күшіне енген Орталық Азиядағы ядролық қару-жарақтан тыс аймағын құру туралы шарты болды.

Яғни, Қазақстан Республикасы ядролық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі аймақтық жоспар әрекетін әзірлеуді ұсынды. Бұл Орталық Азия аймағы шеңберінде ядролық терроризммен күресу және ядролық материалдарды таратпауды алдын алады. Жашпай қырып-жою қаруын таратпаудың халықаралық тәртібін нығайтудағы Қазақстанның іс-әрекеті Қазақстанның қарусыздану мен жаппай қырып-жою қаруын таратпау саласындағы саясаты халықаралық қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, ғаламдық мәселелер мен қақтығыстарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін арттыру жолын ұстанатын сыртқы саяси бағытымен айқындалады. Қазақстан Республикасы еліміздің таратпау тәртібін нығайтуға батыл екендігін көрсететін бірнеше нақты қадамдар жасады. Қазақстанның болашақта таратпау саясатының негізін қалаған алғашқы қадам – 1991 жылы КСРО өмір сүріп жатқан кезеңнің өзінде Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы болды [8].

КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азияның ұлттық сананың маңызды бөлігіне айналған ислам мәдениеті қоғамдық өмірдің барлық саласына тез тарады. 1991-1996 жылдар аралығы Исламның жан-жақты жаңғыру кезеңі болды, мысалы, тәуелсіздік алғанға дейінгі Қазақстандағы мешіттер саны 1997 жылы 63-тен 4000-нан астамға дейін өсті. Қазақ тіліндегі діни топтардың саны 1180-ге дейін жетті. Жоғарыда айтылып өткендей, қазіргі уақыттағы маңызды мәселелердің бірі Ауғанстандағы тәліптердің билікке келуі болып табылады. Бұл мемлекеттегі экономикалық және ахуалдың өте төмен болуы, терроризмменесірткіайналымының санының өсуіне әкелді. Қазіргі Кабулдағы Талибан үкіметі жоя алмайтын Ауғанстан аумағында әртүрлі лаңкестік топтар өз қызметін жалғастыруда. Яғни Ауғанстанда жасырынған «Ислам мемлекеті» элементтері Орталық Азияға және басқа да мемлекеттерге еніп, қауіпсіздікке елеулі қатер төндіруде, мысалы, «Ислам мемлекеті» 2021 жылы 334 лаңкестік әрекет жасады, яғни бұл бір жыл бұрын болған әрекетер санынан бес есе көп [9].

## Нәтижелер

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолында, Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін көп деңгейлі құрылым қалыптасты. Бұл жүйе толық жұмысын атқарып тұрса да, кейбір сарапшылардың пікірлері бойынша, қалыптасқан институт немесе механизмдер нәтижелілігі әлі де көңіл толтырарлықтай емес. Яғни, бұл жүйе бірнеше деңгейлерге бөлініп қарастырылған. Бірінші деңгейді консультативті деп атап өтуге болады. Бұл деңгейдегі негізгі механизмдерге Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) ұйымын жатқызуға болады. Себебі, АӨСШК шеңберіндегі диалог механизмі даулы сұрақтарды қарумен немесе басқа да шаралар арқылы шешпей, тек келіссөз жүргізу арқылы шешіледі. Яғни, бұл ұйымның тиімді жағы бұл алдын алу дипломатиясы болып табылады. Екінші деңгейге Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Солтүстік Атлант Шарт Ұйымының «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылымдар кіреді. Бұл деңгей аймақтық қауіпсіздікке байланысты сұрақтарды тікелей шешетін болғандықтан нақтырақ болып табылады. Үшінші деңгейге – Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы (ҰҚШҰ) жатады. ҰҚШҰ-ның өз функциясын жүзеге асыруда көп мәселелеріне қарамастан, сарапшылардың көп бөлігі, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және мүше-мемлекеттердің әскери-техникалық байланысын сақтап қалуда болашағы бар деп болжап отыр. Бұл тұжырымның тиімді жағы бар. Себебі, біріншіден, бұл ұйымға әзірше басқа балама жоқ. Екіншіден, қауіпсіздік мәселелерін үшінші күштің араласуынсыз шешеді. Үшіншіден, сарапшылардың пікірінше, ҰҚШҰ шеңберінде құрылған құрылымдар, белгілі жағдайда қақтығыстарды шешуге мүмкіндігі бар. Аталған ұйымдарға Қазақстан Республикасы мүше болып табылады [10].

Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаевтың

бастамасымен құрылған Азиядағы өзара ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі кеңесінің құрылғанына 30 жыл толған АӨСШК-2022 саммиті шын мәнінде тарихи оқиғаға айналды. Бұл ұйым мүше елдердің көпжақты байланыстары мен ынтымақтастығын нығайтуға қызмет етеді. АӨСШК трансформациясы туралы Астана мәлімдемесі аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған саяси ерік-жігер мен ұжымдық шешімді көрсетті. Аталған саммиттың нәтижесінде, АӨСШК мемлекет басшылары ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы мәлімдемесін және Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризмге қарсы жаһандық стратегиясын іске асыру бойынша АӨСШК іс-қимыл жоспарын бекітті [11].

Сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Азиядағы бағыттарының бірі ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын атап өтуге болады. 1996 жылы құрылған «Шанхай бестігі» ынтымақтастығы, 2001 жылғы Шанхай ынтымақтастық ұйымына айналып, құру барысындағы мақсат мүше-мемлекеттердің өзара қатынастарын бекіту ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздікке төніп тұрған ортақ қауіп-қатерге ұжымдық түрде қарсы тұру болды. ШЫҰ барлық аймақтық мемлекеттерді халықаралық терроризм, сепаратизм және этнодіни экстремизм, яғни жоюшы күштерге қарсы тұруға біріктіруге ұмтылды. 2002 жылы қабылданған ШЫҰ негізгі құрылтай құжатында, ШЫҰ негізгі міндеті мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достастық пен тату көршілікті қамту болып табылды. Яғни, бұл ШЫҰ мүше-мемлекеттер арасындағы көпжақты аймақтық ынтымақтастықта көрініс тапқан. ШЫҰ-на дейінгі болған «Шанхай бестігі» немесе «Шанхай форумының» басты мақсаты аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне байланысты болып, Орталық Азиядағы қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерге қарсы тұру болды [12].

Ресей Ғылым академиясының әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының ғылыми қызметкері З.Кокочин ШЫҰ-ның терроризмге қарсы оқу-жаттығуларын үш категорияға бөледі: аймақтық терроризмге қарсы құрылым аясындағы арнайы қызметтер мен құқық қорғау органдарының жаттығулары; бірлескен шекаралық операциялар және «Бейбітшілік миссиясы» жаттығулары. Бұл ретте барлық оқу-жаттығулар екіжақты және көпжақты форматта өткізілуі мүмкін және терроризмге қарсы шараларды жоспарлаудың, басқарудың, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің және бақылаудың әртүрлі аспектілеріне әсер етеді. 2002 жылдан бері 20 жылдың ішінде ШЫҰ шеңберінде 28 оқыту жаттығулары өткізілген. Соның ішінде Қазақстан 17 көпжақты және екіжақты оқытуларға қатысқан [13].

Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Грузия, Беларусь, Ресей сияқты бұрынғы посткеңестік мемлекеттер арасында ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қоюға әкелді. Алайда 1999 жылы Өзбекстан, Әзірбайжан, Грузия мемлекеттері бұл шартты ұзартудан бас тартты. Ұжымдық қауіпсіздік шартын әзірлеудегі іргелі оқиға Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының мәртебесін ҰҚШҰ-ның аймақтық ұжымдық қауіпсіздік ұйымына өзгерту болды. Бұл оқиға Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) Жарғысын және ҰҚШҰ-ның құқықтық мәртебесі туралы келісімді әзірлеуге әкелді. ҰҚШҰ-ның халықаралық әскери-саяси ұйымына айналу факторларының бірі 1990 жылдардың аяғында пайда болған ТМД-ның екі мемлекеті Өзбекстан мен Қырғызстанның аумағында Өзбекстан Ислам қозғалысының қауіпі болды. Соңғы оқиғаларға байланысты, Қазақстанда 2022 жылы болған қаңтар оқиғасы кезінде, бұл ұйым бітімгершілік операциясын өткізіп, мемлекеттегі стратегиялық объектілерді сақтап қалуға көмектесті [14].

Аталған ұйымның әскери жағын қарастыратын болсақ, ҰҚШҰ ұжымдық қаруланған күштері келесі бөлімдерден

тұрады: Орталық Азия аймағының ұжымдық жедел әрекет ету күштері, ұжымдық жедел әрекет ету күштері, бітімгершілік күштері, ұжымдық авиация күштері және аймақтық біріктірілген әуе қорғаныс жүйесі кіреді. ҰҚШҰ аймағының ұжымдық қауіпсіздік күштері Орталық Азиядағы, Шығыс Еуропадағы және Кавказдағы әртүрлі аймақтық қауіпсіздік жүйелерін қамтиды. 2009 жылдан бастап жедел әрекет ету күштері тұрақты түрде әскери жаттығулар өткізеді. 2013 жылдан бастап, ұжымдық әуе күштері арқылы әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері күшейтілді.

ҰҚШҰ-ның Қазақстандағы 2022 ж бітімгершілік операциясы аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау және сыртқы күштердің басып кіруіне жол бермеу мақсатында жүзеге асырылды. Бұл ұйымның мүше-мемлекеттері әскери көмек көрсету функциясын көрсетіп қана қоймай, Қазақстанның ішкі жағдайын тұрақтандыруға ықпал етті [15].

### Қорытынды

Мемлекеттің қауіпсіздігін халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде жүзеге асырылуы, кез-келген мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Аймақтағы мемлекеттердің қауіпсіздік бойынша тек халықаралық құрылымдарға кіруі тиісті нәтиже бермейді, осыған байланысты мемлекеттер географиялық орналасуы бойынша өзара ынтымақтасады. Аталған стратегиялық ынтымақтастық халықаралық терроризм, экстремизм, есірткі саудасы және ауған факторымен күресуде қарсы тұруға өз септігін тигізеді. Осы салада Орталық Азия мемлекеттері Ресей, Қытай және АҚШ сияқты мемлекеттермен берік шарттық-құқықтық база құрып үлгерді және сенімді де берік қатынас орнатты.

Қазіргі таңда, Орталық Азия мемлекеттері АҚШ, Ресей және Қытай сияқты ірі мемлекеттермен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өте тығыз қарым-қатынас орнатқан. Яғни, аймақтағы мемлекеттер екі

жақты және көпжақты нысандағы қарым-қатынас орнатты. Аталған, шарттық-құқықтық база халықаралық терроризммен күрес, бітімгершілік күшті дамыту, әскери инфрақұрылымды дамыту, әскери теңіз күші мен әуе қорғаныс күшін дамыту, шекарадағы қауіпсіздік сияқты салаларды қамтиды. Мемлекеттердің мемлекет болып қалыптасуы мен экономикалық реформалардың жемісті түрде жүзеге асуы – ең бірінші сол мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінен басталады. Сондықтан аталған мемлекеттермен, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық та осы саланы көздейді.

Орталық Азиядағы қауіптерге байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстанның ауқымды жұмыс атқарғаны байқалады және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен ұстанымы көп векторлы болып табылады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген сәттен бастап, егемендігін сақтап қалуға бар күшін салды. Яғни, мемлекетіміз қауіпсіздік белдеуін жасап, халықаралық құқық негізінде татулық пен достастық орнатты. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының көп векторлы бағыты, қазіргі уақытта әлемде болып жатқан мәселелерді алдын алуда зор көмегін тигізді. Қорыта айтқанда, бірнеше ірі мемлекеттің тысында, жаһандық және аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылықтың сақталуы Орталық Азия елдері үшін ортақ бір мақсат болып табылады. Осыған байланысты, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі өзінің кешенділігімен ерекшеленді.

### Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР14973037 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландырудың ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан мен Үндістанның ынтымақтастығы: Ауғанстанға екі мемлекет стратегиясының призмасы арқылы қатынасы» дайындалды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Шаймергенов Т.Т., Тусупбаева Г.А. Роль международных структур в обеспечении региональной безопасности в Центральной Азии. [Электрон.ресурс] – 2005. –URL:[http://www.russianlife.nl/analitika/sbornik\\_shajmergenov\\_tusupbaeva\\_1.htm](http://www.russianlife.nl/analitika/sbornik_shajmergenov_tusupbaeva_1.htm) (дата обращения: 12.10.2022 г.)
2. Устав ООН. Глава VIII: Региональные соглашения. Официальный сайт ООН. [Электрон.ресурс] URL: <https://www.un.org/ru/about-us/un-charter/chapter-8> (дата обращения: 12.10.2022 г.)
3. Момынқұлов Ж.Б., Балаубаева Б.М. Қазақстанның Орталық Азиядағы қауіпсіздік стратегиялары // Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. - 2013 ж. – № 3-4. 71 б.
4. Раджабов М. Проблемы обеспечения региональной безопасности в Центральной Азии на пороге XXI века. [Электрон.ресурс]. - 2000. - URL: <http://www.zonakz.net/articles/12832>. (дата обращения: 20.10.2022 г.)
5. Абдигалиева Г.М., Каипова Ж.Қ. Ауған есірткі тасымалының Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздік жүйесіне әсері // Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - 2019. №1 (67). 122 б.
6. Фарук Б.А. Возрождение «Талибана» в Афганистане в условиях ухода американских сил: перспективы движения и отношения с Россией // Известия. – 2022. - № 4. – С. 163.
7. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы Мемлекеттік шекарасы туралы заңы. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000070>. (22.10.2022 ж. қаралды).
8. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан – 2030. – Алматы. «Юрист». – 2007 ж. - 164 б.
9. Чи-Ян В. Взаимодействие стран-участниц в рамках ОДКБ // Постсоветские исследования. – 2022. – Т. 5. – №. 6. – С. 635-646.
10. Сыроежкин К.Л. Вызовы безопасности в Центральной Азии. – Москва: ИМЭМО, РАН, 2013. -150 с.
11. Саммит СВМДА – на пути к трансформации. [Электрон.ресурс] URL: [https://el.kz/ru/sammit-svmda-na-puti-k-transformatsii\\_53238/](https://el.kz/ru/sammit-svmda-na-puti-k-transformatsii_53238/). (дата обращения: 20.10.2022 г.)
12. Чуфрин Г.И. Угрозы безопасности Центральной Азии и роль ШОС в их нейтрализации // Международно-практическая конференция. –Алматы, 2008. 8-17 б.
13. Румянцева А.К., Рахимов К.Х. Роль ШОС в противодействии терроризму в странах Центральной Азии // Журнал «Постсоветские исследования». – 2022. - № 8. – С. 835.
14. Турлыбаева Д.Т. ОДКБ и ее развитие в условиях новых угроз безопасности//Международный научно-исследовательский журнал. – 2022. – №. 9 (123). – С. 20.
15. Чэнь Е. Деятельность Организации Договора о коллективной безопасности и значение ее новой операции по поддержанию мира. – 2022. [Электрон.ресурс.] URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/287622/1/146-150.pdf> (дата обращения: 01.11.2022 г.)

**Н.О. Аккожина, К.Г. Даркенов, У.М. Оракбаева**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Особенности интеграционных инициатив Республики Казахстан в обеспечении региональной безопасности**

**Аннотация.** В статье рассматриваются региональные аспекты обеспечения безопасности при современных угрозах Центрально-Азиатского региона. Проводится анализ стратегии обеспечения безопасности Республики Казахстан в Центральной Азии. В статье исследуются тенденции разнонаправленных устремлений внешних игроков, элементы сотрудничества. Также в статье рассматриваются угрозы безопасности, в частности, влияние сложившейся ситуации в Афганистане в связи с захватом власти талибами. Понимание специфики региональной политической среды Центральной Азии необходимо, прежде всего, для самих государств региона, отмечается особая необходимость предпринимать конструктивные действия для сохранения стабильности региона путем создания механизмов согласования коллективных решений, углубления взаимного сотрудничества в практической плоскости, нахождения компромиссных решений для урегулирования имеющихся споров и разногласий с целью обеспечения более эффективной реализации своих национальных интересов.

**Ключевые слова:** региональная безопасность, проблемы, Афганистан, международные организации, Центральная Азия, терроризм, сотрудничество.

**N.O. Akkozshina, K.G. Darkenov, U.M. Orakbaeva**  
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The features of integration initiatives of the Republic of Kazakhstan in ensuring regional security**

**Abstract.** The article considers the regional aspects of the ensuring security of in the Central Asian region. The article analyzes of the security of the Republic of Kazakhstan in Central Asia. The article studies tendencies in multidirectional aspirations of external players, elements of cooperation of cooperation, and rivalry between them. The article also considers some security threats, in particular, the impact of the current situation in Afghanistan in connection with the seizure of power by the Taliban. Understanding the specifics of the regional political environment of Central Asia is necessary, first of all, for the states of the region themselves, to take constructive actions to maintain the stability of the region, by creating mechanisms for coordinating collective decisions, deepening mutual cooperation in practical terms, finding compromise solutions to resolve existing disputes and disagreements in order to ensure a more effective implementation of their national interests.

**Keywords:** regional security, problems, Afghanistan, international organizations, Central Asia, terrorism, cooperation.

### **References**

1. Shaimergerenov T.T., Tussupbayeva G.A. Rol mejdunarodnyh struktur v obespechenii regionalnoi bezopasnosti v Centralnoi Azii. [The role of international structures in ensuring regional security in Central Asia] Available at: [http://www.russianlife.nl/analitika/sbornik\\_shajmergenov\\_tusupbaeva\\_1.htm](http://www.russianlife.nl/analitika/sbornik_shajmergenov_tusupbaeva_1.htm) [in Russian]. (accessed 12.10.2022.)
2. UN Charter. Chapter VIII: Regional agreements. UN official website UN Charter. Chapter VIII: Regional agreements. Available at: <https://www.un.org/ru/about-us/un-charter/chapter-8> . (accessed 12.10.2022 г.)
3. Momynqulov J.B., Balaubayeva B.M. Qazaqstannyn Ortalyq Aziadagy qauipsızdık strategialary. [Security strategy of Kazakhstan in Central Asia]. Al Farabi Kazakh Nnational universityUniversity. International relations Relations and international International law Law journal. 2013. No3-4 (63-64). P. 71.[in Kazakh].
4. Rajabov M. Problemy obespechenia regionalnoi bezopasnosti v Centralnoi Azii na poroge XXI veka. [Problems of ensuring Regional Security in Central Asia of the 21st Century]. - 2000. Available at: <http://www.zonakz.net/articles/12832>. (accessed 20.10.2022). [in Russian].
5. Abdigalieva G.K., Kaipova J.Q. Augan esirtki tasymalynyn Ortalyq Azianyn aimaqtyq qauipsızdık juiesine aseri. [the impact of Afghan drug trafficking on the regional security system of Central Asia] Habarshy. Filosofia, madeniettanu, saiasattanu seriasy. №1 (67). 2019. P. 122. [in Kazakh].
6. Faruk B.A. Vozrojdenie «Talibana» v Afganistane v usloviah uhoda amerikanskih sil: perspektivy dvijenja i otnoshenja s Rosiei. [The resurgence of the Taliban in Afghanistan in the conditions of the withdrawal of American forces: prospects for the movement and relations with Russia]. Izvestie. 2022. № 4. P. 163. [in Russian].
7. The law Republic of Kazakhstan dated 16 January 2013 On State Border of the Republic of Kazakhstan. Available at: <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1300000070> (accessed 22.10.2022).
8. El prezidentnyn Qazaqstan halqyna joldauy. [State of the nation adress of president to the people of Kazakhstan]. Qazaqstan 2030. (Almaty, «Jurist», 2007, 164 p.), [in Kazakh].
9. Chi-Ian V. Vzaimodeistvie stran-uchastnis v ramkah ODKB. [Interaction between CSTO countries]. Postsovetskie issledovania. 2022.Vol. 5. №. 6. P. 635-646. [in Russian].
10. Syroejkin K.L. Vyzovy bezopasnosti v Centralnoi Azii. [Security threats in Central Asia]. (Moskva, IMEMO, RAN, 2013, 150 p.), [in Russian].
11. Sammit SVMMDA – na puti k transformacii. [CICA summit on the way to transformation] Available at: [https://el.kz/ru/sammit-svmda-na-puti-k-transformatsii\\_53238/](https://el.kz/ru/sammit-svmda-na-puti-k-transformatsii_53238/) (accessed 20.10.2022).



12. Chufirin G.I. Ugrozy bezopasnosti Centralnoi Azii i rol SHOS v ih neutralizatsii. [Security threats of the Central Asia and rol of SCO]. Mejdunarodno-prakticheskaja konferensia. Almaty, 2008. P. 8-17. [in Russian].

13. Rumanseva A.K., Rahimov K.H. Rol SHOS v protivodeistvii terorizmu v stranah Centralnoi Azii. [The role of the SCO in countering terrorism in the countries of Central Asia] . Jurnal possovetskie issledovania. 2022. No. 8. P. 835. [in Russian].

14. Turlybaeva D.T. ODKB i ee razvitie v usloviah novyh ugroz bezopasnosti. [CSTO and its development on the new threats of security]. Mejdunarodnyi nauchno-issledovatel'ski jurnal. 2022. No. 9 (123). P. 20. [in Russian].

15. Cheng Ye. Deyatel'nost organizacii o kolektivnoi bezopasnosti i znachenie ee novoi operacii po podderzhaniu mira. [Activities of the collective security treaty organization and the significance of the its new peacekeeping operation]. – 2022. Available at: URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/287622/1/146-150.pdf>. (accessed 01.11.2022) [in Russian].

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Аккожина Нұргүл Орманқызы* – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан.

*Даркенов Құрманғали Газезович* – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық факультеті, аймақтану кафедрасының профессоры, Астана, Қазақстан.

*Оракбаева Ұлболсын Маликовна* – Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан.

*Akkozhdina Nurgul Ormanovna* – Ph.D. student, of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Darkenov Kurmangali Gazezovich* – Candidate of Historical Sciences, Professor, of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Orakbaeva Ulbolsyn Malikovna* – Ph.D., Lecturer of the , Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.